

М.К. Бралиев, доцент

Д.Д. Ақмамбетов, магистрант

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық – техникалық университеті, Орал қ.


ШНЕКТІ - ҚАЛАҚТЫ АРАЛАСТЫРҒЫШТАҢ ПАРАМЕТРЛЕРИН ДӘЛЕЛДЕУ

Аннотация

Ұсынылған мақалада құрғақ шашыранқы азық қоспасын дайындаудың шнекті қалақты араластырғыштың араластырғыш - тасымалдаушы қалақтарының участкілерінің және де асыра лақтыру қалақтары участкесінің конструктивті параметрлерін анықтау тендеулері ұсынылған.

Түйін сөздер: құрғақ азық қоспасы, араластырғыш, қалақтар, асыра лақтыру қалақшалары, араластырғыш – тасымалдаушы қалақтар, мотор – редуктор

Қазіргі кезде өндірісте жұмыс жасайтын азықтарды араластырғыштың конструкциясын талдау арқылы, олардың кемшіліктерін ескере отыра, біздер кезеңді, жәй жүрісті араластырғыштың конструкциясын қарастырылды. Яғни тік бұрышты қозғалмайтын түркәсімен және кезектесіп келетін участкілі, жәй жүрісті екі көлдененді құрамдастырылған жұмыс органдары бар шнекті – қалақты араластырғыштың конструкциясы ұсынылды [2, 3, 4, 7, 8]. Бұл араластырғыштың сұлбасы 1-суретте көрсетілген.




Сурет 1. Шнекті – қалақты азықтарды араластырғыштардың сұлбасы:

1- бункер; 2- шығару түтігі жапқышымен; 3- мотор-редуктор, 4 – мотор-редуктордың басқару пульті; 5,6- жұмыс органдарының бөлшектері; 7- шнекті оралым; 8,9 – араластырғыш - тасымалдаушы қалақтар; 10- асыра лақтыру қалағы.

L - бункердің ұзындығы; (L_{II} – асыра лақтыру қалағының ұзындығы, $L_{nm.1}$ - бірінші участкінің араластырғыш - тасымалдаушы қалақтарының ұзындығы, $L_{nm.2}$ - екінші участкінің араластырғыш - тасымалдаушы қалақтарының ұзындығы, $L_{ш}$ – шнекті оралымның ұзындығы, B – бункердің биіктігі, $R_{nm.1}$ – араластырғыш - тасымалдаушы қалақтың бірінші участкідегі радиусы, $R_{nm.2}$ – араластырғыш - тасымалдаушы қалақтың екінші участкідегі радиусы, b_L - участкідегі қалақтың ені, $H_{общ}$ – бункердің жалпы биіктігі, $D_{ш}$ – шнектің диаметрі, D_{II} - асыра лақтыру қалағының диаметрі, $\omega_{ш}$ – шнектің айналу жиілігі, ω_{II} – асыра лақтыру қалағының айналу жиілігі.

Қалақты араластырғышта араластыру процесінің іске асусы бөлшектердің қайта орналасу есебінен және жұмыс органдарының әсерінен негізінде туындаиды. Қалақты араластырғыш жұмыс органдарының пішіні әр түрлі болып келеді. Олардың көмегімен араластыру қарқыныдылығын неғұрлым көтеруге болады. Жұмыс органының пішіні араластыратын материалдардың қасиетіне байланысты. Көптеген сусымалы және тұтқырлы материалдар жасау үшін неғұрлым рациональды және қарапайым болып саналатын жұмыс органы, ол жазық төртбұршыты болып орындалған пластина. (2-сурет)



Сурет 2. Араластырғыш - тасымалдаушы қалақтардың участкесінің сұлбасы

Білікті қалақтардың орналасуы бір оралмалы немесе параллельді екі оралмалы бағытта болады. Процессді қарқыннату мақсатында араластырғыш ішінде максимальды бөлшектерді жылжыту үшін неғұрлым қалақтардың көп санын қолдану керек. Бірақ қалақтардың көп санын қолдану араластырғыштың металл сыйымдылығын неғұрлым ұлғайтуға әкеледі. Ал ол онын жасалу құнына әсер етеді және техникалық күтіммен, жондеу жұмыстарын қыннадатады. Қатарда қалақтардың орналасуы бірдей немес әр түрлі болуы мүмкін, сондықтан қалақты араластырғыштарда қатарда бөлшектердің ағымдарының ұйымдастыруы әр түрлі жылдамдықпен іске асады. Араластырғыштың бір белгілі аймақтарында материалдардың шоғырландыруын тыс ету үшін қалақтардың бір бірдей бұрылу бұрышын пайдалану ұсынылады, ақырғы қатарлардан басқа. Онда қалақтардың бұрылышы басқаларға қарағанда ерекшеленуі қажет. [5]

Қатарда қалақтардың санының орналасуы келесі бағытта жүруі тиіс, яғни айтқанда, бір қалақтың сусымалы материалы азықтардың қабатынан шыққан кезде екінші қалақтың кіру уақыты минимальды болуы керек. Олай болмаса қозғалтқышқа әсер етейін жүктеме әр түрлі болып өзгереді. Араластыру камерасының толтыру коэффициенті 0,3 ... 0,65 аралығында өскен кезде біліктің жүктемесінің өзгеру уақыты да кемиді. [6]

H_{nm} қалақтың биіктігі (2 сурет) келесі қатынас бойынша анықталады:

$$2b_{nm}^{\min} > H_{nm} > \frac{b_{nm}^{\min}}{2}, \quad (1)$$

Мұнда b_{nm}^{\min} – араластырғышта барлық пайдаланған қалақтың минимальды ені, м

H_{nm} – қалақтың биіктігі, м

Биіктігі қалақтың енінің жартысынан көп болуы тиіс, оның алдындағы тоқтау облысының құрастырылу шартынан. Қалақтың бұрылу бұрышының улкеюі нәтижесінде байланысты қалақтың алдында тоқтау облысының пайда болуы байқалады, бөлшектерді максимальды жылжутуға қажетті. Қалақтың (9) биіктігінде мәнін оның қалақша (10) енінен үш есе көп алу тиімсіз, беріктік шарты бойынша. О.В. Деминнің экспериментельды зерттеуінде дәлелденгендей, егерде $H_{nm} > 2b_{nm}$ – наң көп болса қалақтың әсер ету аймағынан бөлшектердің көршілес қатарға көшуінің ұлғаюы байқалғаны көрінбейді. [5]

Қалақтың енін келесі тендеумен анықтауға болады:

$$b_{nm.i} = \frac{t_{nm.i}}{\cos \alpha_{nm.i}}, \quad (2)$$

Мұнда $b_{nm.i}$ – i – ті участкідегі қалақтың ені, м;

$t_{nm.}$ – i – ті участкідегі араластырғыштың ұзындығы бойынша қалақтардың адымы, м;

$\alpha_{nm.}$ – i-ті участкідегі біліктің осында катастырылған қалақтың бұрылу бұрышы, град.

Жұмыс органдарының айналу кезінде өлі аймактың болмау шартына сәйкес және барлық қатардағы қалақтардың бірдей кеңістікте орналасуы, ақырғы қатардан басқасында, қалақтың ені қатардағы қалақтардың алымының еніне тең болады.

Қалақтың биіктігі участкідегі қоспаның деңгейімен анықталады деп айтуда болады. Ал оның өзі өз кезегінде көп қатар факторларға тәуелді: толтыру коэффициентіне, қалақтардың орнатылған бұрыштарына, жұмыс органдарының айналу жиілігі қатынасына. Олай болса араластырғыштың барлық жұмыс режимдары үшін оптимальды қалақтың биіктігінің нақты мәнін бір белгілі мөлшермен көрсетеп алу мүмкін емес.


Қалақтардың асыра лақтыру участкісінің негізгі міндеті – екінші жұмыс органына азық қоспаларын жылжыту. Олай болса, қалақтар біліктің осына параллельді болуы тиіс. Қалақтардың жұмысының тиімділігін көтеру мақсатында ол тегіс кесінді түрде болуы керек. Қалақтың ені b_n (3 сурет) қоспаның асыра лақтыруын қамтамасыз ету керек, сонымен қатар бункердің қарама – қарсы жанында оның престелуін тыс етеді:

$$b_n \geq \frac{v_o}{n_n z_n}, \quad (3)$$

Мұнда v_o – араластырғыш - тасымалдаушы қалағынан жылжып түскен кездегі қоспаның осытік жылдамдығы, м/с;

n_n – қалақтың айналу жиілігі, s^{-1} ;

z_n – көлденен кесіндісіндегі асыра лақтыратын қалақтардың саны, дана



Сурет 3. Қалақшалы участкінің сұлбасы

Осытік жылдамдық келесі тендеумен анықталады [1]:

$$v_o = k_e \cdot k_n \cdot \omega_{nm.2} \cdot \frac{t_{nm.2}}{2\pi} \quad (4)$$

Мұнда k_e – қоспаның қайта келу коэффициенті, қозғалу нәтижесінен 0,68 ... 0,75 аралыққа тең.

k_n – бұралмалы беттің үзілмелі коэффициенті;

$\omega_{nm.2}$ – екінші участкідегі қалақтардың бұрыштық жылдамдығы, s^{-1} ;

$t_{nm.2}$ – екінші участкідегі араластырғыш - тасымалдаушы қалақтың ені, м.

$$k_n = \frac{b_{nm.2} \cos \alpha \cdot \cos \beta}{2\pi R_{nm.2}} \quad (5)$$

мұнда $R_{nm.2}$ – араластырғыш - тасымалдаушы қалақтың екінші участкідегі радиусы, м

$b_{nm.2}$ - екінші участкідегі қалақтың ені, м.

Қорытынды. Ұсынылған мақалада күргақ шашыранқы азық қоспасын дайындастырын шнекті - қалақты араластырғыштың араластыру - тасымалдау қалақтарының участкілерінің конструктивті параметрлерін анықтайтын, яғни айтканда қалақтың биіктігінің және енінің теңдеулері көрсетілген. Сонымен қатар асыра лақтыратын қалақтарының участкесінің конструктивті параметрлерін анықтайтын теңдеулер ұсынылған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бауман В.А. Механическое оборудование предприятий строительных материалов, изделий и конструкций: Учебник для вузов [Текст] / В.А. Бауман и др. – М.: Машиностроение. – 1975. – 351 с.
2. Ведищев С.М. Обоснование перспективного шнеколопастного смесителя [Текст] / С.М. Ведищев, Н.В. Хольшев, А.В. Прохоров // Труды ТГТУ: сборник научных статей молодых ученых и студентов / Тамб. гос. техн. ун-т. – Тамбов, 2008. – 320с. – Вып.21., С.12 – 16
3. Ведищев С.М. Обоснование конструкции смесителя кормов [Текст] / С.М. Ведищев, А.В. Прохоров, М.М. Свиридов, Н.В. Хольшев // Наука на рубеже тысячелетий: Сборник материалов 5-й международной научно-практической конференции: 26-27 октября 2008/ О.В. Воронкова, отв. за выпуск. – Тамбов: Изд-во Першина Р.В. 2008. – С.181-183
4. Ведищев С.М. Смеситель сухих рассыпных кормосмесей [Текст] / С.М. Ведищев, А.В. Прохоров, Н.В. Хольшев // Вопросы современной науки и практики. Университет им. В.И.Вернадского. № 4(42)/2012 – С. 326 – 328.
5. Дёмин О.В. Совершенствование методов расчета и конструкций лопастных смесителей: дис. ... канд. техн. наук: 05.02.13 / Дёмин Олег Владимирович. – 2003 – 240с.
6. Макаров Ю.И. Аппараты для смещивания сыпучих материалов [Текст] / Ю.И. Макаров. – М.: «Машиностроение», 1973. - 215с.
7. Хольшев Н.В. Разработка и обоснование параметров шнеколопастного смесителя кормов: дис. на ... магистра: 110300.01 / Хольшев Николай Васильевич. – Тамбов, 2009. – 157с.
8. Хольшев Н.В. Изучение смесителей кормов [Электронный ресурс]: лабораторные работы для студентов, обучающихся по направлению 110800.62 "Агроинженерия" / сост.: Н.В. Хольшев, С.М. Ведищев, А.В. Прохоров. – Тамбов: Изд-во ФГБОУ ВПО "ТГТУ", 2014. – 1 электрон. опт. диск (CD – ROM).

РЕЗЮМЕ

В статье предложены формулы для определения конструктивных параметров участков перемешивающе - транспортирующих лопаток , а также параметры участка перебрасывающих лопастей.

RESUME

In the article, formulas are proposed for determining the design parameters of sections of mixing and conveying blades, as well as the parameters of the section of the blading blades.